Қазақ әдебиеті де өте бай әдебиет. Мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын және Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романын түрік аудармасында оқыдым және маған қатты ұнады. Сондай-ақ, Мұхтар Шахановтың «Шыңғысхан құпиясы» туындысы өте әсерлі екенін естідім. Егер де қазақ әдебиеті еңбектерінің түрік тіліндегі аудармалары неғұр-

лым көп болса, соғұрлым түрік оқырманы қазақ әдебиетін біліп, жақсы көреді.

— Баршамыз білетіндей, қазақ тілі мен түрік тілі туыстық тілдер тобына жатады. Өйтсе де шетелдік тіл саналатын түрік тілін үйренуге қазақ студенттерінің ынтасы қалай?

— Ия, түрік және қазақ тілдері бір-бірімен туыстас тілдер тобына жатады. Екі тілдің грамматикасының қатты ұқсауы осы сөзге дәйек бола алады. Мысал ретінде, біздер, яғни түріктер үшін қазақша меңгеру, ағылшын немесе орыс тілдерін үйренуге қарағанда өте оңай. Қазақтарға да түрікше үйрену жеңіл болуы керек. Студенттердің талабына тоқталатын болсам, деріс беру барысында олардың шет тілдерін үйренуге қабілеттерінің зор екендігін байқадым. Қазақ жастары екі тілді үйреніп өседі. Сол себептен, түрік тілі секілді ұқсас тілді меңгеру оларға аса қатты қиын емес. Дәріске келген студенттеріміздің түрікше үйренуге деген ықыласы жоғары. Бұл мені қуантады. Шынымды айтсам, осында келмес бұрын талапты жастардың ықыласы мұншалықты күшті екен деп ойламаппын. Олардың көпшілігі еңбекқор және ізденімпаз студенттер. Берілген үй тапсырмаларынан бөлек, телеарналардан сериалдар қарап, кітаптар оқып және түрікше әндер тыңдау арқылы тілге деген дағдыларын дамытады.

— Алғашқы сәттерде, жергілікті тіл білмейтін жаңа жолаушы үшін кездесетін қандай мәселелерге тап болдыңыз және де көмек қолын созған жанаһыр жандарды жолықтыра алдыңыз ба?

— Ия, әрине, алғашқы келген сәтімде, тіл білмегендіктен біраз түсінбеушілік мәсе-

# KITA BAF

ОМЕР  
Түркия м  
ситетінд  
тымақта  
сының к  
ситетін «  
жалғаст  
шығарма  
жылы Ка  
меткер б  
қорғауға  
үстінде.  
Сұқба

лелеріне тап болдым  
інде орналасқан сон  
дың көмектесуі арқасы  
сезіндім. Атап айтсам  
жұмыс жасайтын апа  
ханым көп қол үшін т  
және сыпайы тұлға  
Сания апайдың қазақ  
кен көмегінің арқасын  
гілерге тап болғаным  
жатақханамен байла  
лелермен қатар, ұлы  
нақжайлылығының ал  
білгені үшін үлкен ал  
леді. Алдағы уақытта  
зықты шақтарымды о  
рімге толы жақсы а  
деп ойлаймын.

— Ақтөбенің қан  
ошақтарына барды

— Ақтөбеде Тама  
сына қазақ бауырлар  
зиярат еттім. Сонда  
айрықша естелігі бар  
Мұражайы да қазақ ж  
қыын-қыстау заманы  
рынан сыр шертетін.  
Ол жерден тарихи ж  
реттерді көрдім және  
тырдың мазарында ж  
ның "ас беру" дәстүрі  
жылы қарсы алды ж  
дем жатсынбады. Ол  
орталығында" концеп  
лардың барлығы мен  
тәжірибелер, қызық  
естеліктер сыйлады.

— Сізден енді ш  
де сұрасақ. Білімқұ  
берер ақылдарыңыз  
Қазақ халқында «К  
білім тоқығандық»  
Кітап оқу — құнды  
сыз дәлел десек т  
казіргі өскелең ұрпа  
на, соның ішінде кі  
зығушылығы қанда  
термілген жас ұрпа  
ман сылтауына ысы

— Мен Түркияда  
оқудың маңыздылығы  
теріме кеңесімді бері  
генде бұл мәселе бол



тнво ☒ The international cooperation

# А ЖЕТПЕС ҚАЗЫНА

**ФАРУК АТЕШ, Түркия, Кастамону университетінің түрік тілі және әдебиеті оқытушысы. 1989 жылы мемлекеті, Ыстанбұл қаласында дүниеге келген. Қазір Кастамону қаласындағы Кастамону университеті алты жылдан бері ұстаз болып еңбек етеді. 2019 жылдың қыркүйек айында, Халықаралық ынстық хаттамасымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне, екі оқу орда-елісімшарты төңірегінде бір жылға қызметке келді. Ол 2011 жылы Ыстанбұлдағы Мармара универ-ситетінің «Түрік тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген. Магистр дәрежесін де осы университетте алып, қазіргі түрік әлемі әдебиеті бойынша білім алып шықты. 2014 жылы Шыңғыс Айтматовтың «Аңсау» романын түрік тіліне аударған, «Өздек сөзін жазу» бойынша магистрлік диссертациясын аяқтаған. Сол маусымда Кастамону университетінде қазіргі түрік-поляк диалектілері мен әдебиеті кафедрасында ғылыми қыз-метін бастады. Сондай-ақ, түрік әлемі әдебиеті саласындағы докторлық дәрежесін де аяқтады. Ана тілінен өзге ағылшын тілін меңгерген және қазақ және орыс тілдерін үйрену**

тты жүргізген Алишер Амиров.

Алайда, Жастар үй-інде, жанаһыр жандар-ында, біраз жеңілдікті, сонда вахтерші боп, Мустафина Сания, иігізіп, өзін өте жақсы ретінде таныта білді. тілін үйретіп, көрсет-анда ешқандай кедер-і жоқ. Ол кісіге маған нысты барлық мәсе-ы қазақ халқының қо-ықын белгісін көрсете-ысымды білдіргім ке-а Ақтөбеде біраз қы-ол кісідей жүрегі мей-дамдармен өткіземін

дай мәдени-тарихи-ңыз?

Есет батырдың ба-арыммен бірге барып, й бір тарихы терең, о керемет жер екен. ұртының жаугершілік, ның тарих толқында-дей әсер қалдырды. әдігерлерді және су-е бір отбасының ба-касаған қазақ халқы-не куә болдым. Мені-не шетелдік деп мүл-жерден басқа “Өнер-ртке бардым. Осын-үшін өте маңызды-ы шақтар, керемет

етелдік ұстаз ретін-мар өскелең ұрпаққа-ыды айтып өтсеңіз. **Кітап — оқығандікі, деген мақал бар. тық екені теорема-е болады. Жалпы, нақты тіл саласы-тап оқуға деген қы-й? Әлде, телефонға-қты жаһандану за-рып қоямыз ба?**

де, осы жақта да кітап-ғы туралы студент-келемін. Сайып кел-ойынша олардың мі-

нез-құлқын да назарға алу өте маңызды. Әйтпесе, берген ақылдар іске жарамай қалады. Кітап оқуға құмар емес деп, әрине, жас буынды кінәлау оңай. Біз тұрған этно-логиялық фактілерін де ескеру қажет. Мысалы, Түркиядағы көптеген жастар буыны телефон шырғауына байланған. Алайда бұл тек жастарға ғана қатысты емес. Бір елдің оқыған және интеллектуалды да-

— **Кітап демекші, сіздің кітап оқуға деген құмарлығыңызға күмәнім жоқ. Жалпы, сізге қандай кітаптар оқыған ұнайды және соңғы оқыған кітабыңыз қандай?**

— Кітап — баға жетпес қазына. Тарих және психология салаларынан сыр шертетін, терең ұғымдарды қозғап, ой көкжиегін саралайтын қалың томдарды оқыған



мыған жастарды өсіруі сөзсіз сол елдің болашағы үшін өте маңызды. Қазақ халқы біздің бауырларымыз және біз осы елдің де келешегіне өз еліміздікіндей алаңдаймыз. Бұл орайда қазақ әдебиетінен оқыған еңбектерім есіме түсіп тұр. Танитын қазақ ақын-жазушыларын айтсам: Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев. Оқыған адамның өмірдегі кең перспективасын осы есімдерден байқауға болады. Бұл жастардың да қызығушылығын арттырады. Сондай-ақ менің бұл жакта танитын студенттерімнің кітапқа қызығушылығы төмен емес. Олар қазақ тілінде де және орыс тілінде де кітаптар оқиды. Бұл маған қуаныш сыйлайды. Себебі екі тілде бірдей кітап оқитын жастарды әлемнің барлық жерінен табу мүмкін емес.

қатты ұнайды. Алайда, түрік әдебиетінің тарихын тереңнен ұғыну үшін қызықсыз кітаптарды оқуға да тура келеді. Себебі, бұл менің жұмысым және әдебиетке талға-ымнан тыс ғалым ретінде де қарауым керек. Шетел әдебиетін тек бір елмен шектеу мүмкін емес. Толстой, Достоевский, Бальзак, Жозе Сарамаго сияқты қылқалам ше-берлерін оқығанды қалаймын. Ең соңғы оқыған кітабым — Жозе Сарамагоның түрік-шеге аударылған «Görmek» шығармасы.

— **Түрік жастарының кітап оқуға деген қызығушылығы қандай?**

— Біз түрік жастар қауымының оқуға деген әдебин қазіргі жаһандану заманынан дербес түрде ойлай алмаймыз. Жоғарыда атап өткенімдей, технологияның қарыштаған дәуірінде және бұрынғы ақпарат-тың қазіргі заман, яғни әлемжелідегі фейс-

бук, инстаграм ақпараттарымен алмасты-рылуы да түрік жастарына теріс әсерін ти-гізеді. Шындыққа мойын бұрсак, ғаламтор көмегімен жылдам әрі жеңіл түрде ақпарат ағымына қол жеткізу — қазіргі заман тала-бы. Себебі, біздер қарыштаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Кітапхана сөрелері-нен мағлұмат алмасу уақыт және біраз шы-дамды талап етеді. Мен түрік жастарының оқуға деген құштарлығы айтарлықты күшті дей алмаймын. Білім нәрін кітап паракта-рынан іздейтін жас оқырмандар саны шек-теулі. Тіпті, түрік әдебиеті классиктерінің танымал туындыларынан бейхабарлары да табылады. Жастарды осы себепке қа-рап кіналай алмаймыз. Олар туған және өскен орталарынан алған тәлім-тәрбие-лерінен дербес түрде болмайды. Менің-ше, жастар үшін қазіргі таңда оқу әдебин қалыптастыру керек. Педагог-ұстаздар, білім саласында еңбек атқарып жатқан барша тұлғалар осы мәселеге оңтайлы шешім қа-растыруы қажет деп санаймын.

— **Сіздің, қателеспесем, Қазақстанға алғаш келуіңіз. Тұңғыш әсеріңіз қандай болды? Осында келгенше қазақ жұрты туралы қандай ойда болдыңыз?**

— Иә, бұл Қазақстанға алғаш рет келуім. Келместен бұрын қазақ жұрты жай-лы шамалы ақпараттарды ғана білдім. Әлемдік картада Алтайдан — Атырауға дейін созылып жатқан кең аймақты алып жатқанын ғана білдім. Бұл жаққа келгеннен кейін табиғаттың сулу екеніне көзім жетті. Өнерге және спортқа аса бір көңіл бөлетін халық екен. Осы тұстары мені қайран қал-дырды.

— **Айтпақшы, бүгін Ақтөбеде сықыр-лаған аяз, қар борап тұр. Менің білуім-ше, ауа райының мұндай қатал мінезі-не көп жолықпайтын секілдісіз, Түркия жылы мекен демекші. Осындай, ауа-райының мінезіне көзқарасыңыз қан-дай?**

— Иә, мен үшін Ақтөбенің ауа райы бі-раз суық. Мен 25 жыл Ыстанбұлда және 6 жылға жақын Кастамонуда тұрып жатыр-мын. Ақтөбенің қысы өскен екі ортаман да суық. Әйтсе де, уақыттың еншісінде бұл жағдайға да жәй-жәй үйреніп жатырмын. Мен үшін жақсы бір тәжірибе болды. Ауа-райы аяз болғанымен Ақтөбенің адамда-ры жылы шырайлы.

— **Енді, қазір Қазақстанның ішкі ша-раларына көңіл аударсақ. Биылғы, 2020 жыл Мемлекет басшысының шешімімен Еріктілер жылы деп бекітіл-ді. Барлығымыз білетіндей, ерікті де-ген ұғым ешқандай қысымсыз, құнсыз жұмыс атқару дегенге саяды. Сіз осын-дай еріктілер тобы жайлы қандай пікір-десіз? Яғни, ел дамуына үлес қосып жатқан бұл қауым өкілін қолдайсыз ба? Және де Түркия жұртында осы ерік-тілер тобы күшімен жасалған іс-шара-лар қарасы бар ма?**

— Ерікті болып жұмыс істеу, материал-дық өтемақысыз қайырым көрсету өте маңызды. Ақша үшін ғана орындалатын жұмыс шынайы емес. Осы жылдың Қа-зақстан тұрғысынан жақсы өтуіне тілек-теспін. «Еріктілер жылы» Қазақстанның жаңа белестерге шығуына өз үлесін қо-сады деп үміттенемін. Шынымды айтсам, Түркияда мұндай шаралар бар ма, біл-меймін, бірақ, әрине бар болғанын қалар едім.

— **Жүреқарды жауаптарыңыз үшін үлкен рахмет.**



## ✓ Шығармашылық беттері

## ✓ Творческие страницы

# Мәди Айымбетовтің

Филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов: «Мәди Айымбетов шығармалары – ел суреттерінің көрмесі деуге лайық» – деп баға берген еді. Шындығында да, жазушы шығармашылығы туралы зерттеу жүргізу барысында ғалым С.Негимов берген бағаның ақиқаттығына көзіміз жете түсті. Сөзіміздің дәлелі – М.Айымбетовтің 2019 жылы жарық көрген «Тіршілік миниатюралары» атты эссе-күнделік кітабы.

Бұл кітаптың аннотациясында: «Рухани жаңғыру» сипатының бір қырын ашу орайында жазылған «Тіршілік миниатюралары» – айналадағы өмір құбылыстарының, сәулетті жас елордамыз Нұр-Сұлтанның көркем көріністерінің, табиғаттың бейне жазбасы. Ал табиғат – мәңгілік тақырып, өмір барда – табиғат бар. Табиғат қана емес, күнделікті тіршілікте болып жататын сан алуан оқиғаларға да орай әр кездегі әсерлер, ой түйіндері де – осы кітапқа жинақталған фотобейнелер мен «Фейсбук» әлеуметтік желісінде жарияланған бұл күнделік-эсселердің мазмұндық сипаты, міне, осындай» деп жазған екен автор.

Жазушы Мәди Айымбетовтің шығармашылығына негіз болған миниатюра әдебиеті – көлемі шағын, құрылысы күрделі, мазмұны бай, ойы тұжырымды көркемдік шығарма. Қаламгердің «Тіршілік миниатюралары» эссе-күнделігінде табиғаттың сұлулығын суретке, бейнетаспаға түсіре отырып та, сөзбен де дәл көркемдік кестесін төккен шығармалар. Жүректен сезініп, ой түйіп жарыққа шыққан бұл туындыларды қазақ әдебиетіне жаңаша ой, көзқарас қалыптастыра алады деп ойлаймыз.

Табиғатқа әр адамның ішкі жан дүниесімен жақын болуының мәні – рухани өмірдің негізін жасаумен айрықша. Осы туындыдағы «Қорғалжын. Біртабан көлі...» атты этнографиялық этюд туралы зерттеуші Ұлықпанова Әлия Жолдасқалиқызы былай деп пікір білдіреді: «Мәди ағаның «Қорғалжын. Біртабан көлін» әр қайталап оқыған сайын үсті-үстіне түрлі ой сілемі пайда болып отырады. Тамаша қаламгерлік дарынмен қоса,

**М**әди Айымбетов есімі Ақтөбе өлкесі үшін аса ыстық. Көрнекті прозаик, жазушы Қостанай облысында дүниеге келгенімен, балалық және жастық шағы Ақтөбе облысының Байғанин ауданында өткен. Еңбекке араласқан күнінен бастап, қаламгерлік қырының да қалыптасуына түбегейлі әсерін тигізген өлке – осы Ақтөбе өңірі. Автордың алғашқы әңгімелерінің бірі «Тәтті мұң» жетпісінші жылдарда жарық көрді, содан бергі жиырмаға жуық прозалық кітаптардың авторы. Бірқатар шығармалары орыс тіліне, ал жекеленген кітаптары украин, белорус, молдован, түрікмен, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылған.



автордың фотообъектив нысанасына табиғаттың сан қимылын қырағы көзбен қалт жібермей дәл түсіріп отыратындығына тағы бір мәрте таңдай қағып отыра, табиғи әлем – әлеуметтік хәл – авторлық шеберлік деген үш одақтың үндестігін анық аңғардық. Э.Хемингуэйдың «Шал мен теңіз» кейіпкерін көзге әкелетін Сағындық ақсақалдың ауға түскен балығын нәсіп, әрі кәсіп еткен өзіндік күйі – қазіргі кей ақсақалдардың бойынан көре алмай қынжылатын қасиеттерді танып, ризашылығымызды жасыра алмадық. Мәди ағаның сонау бір жылдары «Біртабанды жетімсіретіп тас-

тап кеткен» ауылдағы өзгермеген жалғыз Біртабан көлін ғана» көріп, әрі жүрек сазған, әрі қуанған екіұдай сезімін көкірегімізбен түйсініп отырдық. Ескі мен жаманның алтын көпіріндей болған «бауырын жаңа көтеріп, кішкентай көздерін жаңа ашқан жалғыз қара күшіктердің енесі, қара тазы Ақтөс» өскен өңіріне сатқындық жасамай, тапшылымай отырған Сағындық ақсақалдың жалғыз серігіндей. Екі бүйірі жоқ, жүні жылтыраған Ақтөстің иесінің арқасында көңілі тоқ. Бұл шағын суреттеменің деталі – Ақтөс бірде бұлаңдап ойнақ салғысы келгендей, енді бірде ба-

уырын жерден енді көтерген күшігін өмірге әкеліп, көшкен ауылдың арасында жалғыз жалған жалқы өмірге жаңалық әкелгенін сезінгендей тоқмейілісіп, иесіне ит те болса ризашылығын, адалдығын сездіргісі келгендей жаутаң қағады. Қирап қалған үйлердің алыстан қараңдаған сұрқы мазар сықылданып, көңіл шіркінді сыздатып жібергенмен, «Ұшарынан жел суылдаған нар қамысты аралдары мен түбегінде жазда аққу-қазы сұңқылдап, қаңқылдап, үйрегі мен қасқалдағы у да шу, ұя салып балапан өргізген құс базары қызатын айдынында ақ бауыр балығы шоршыған көлдің»



✓ Creative pages

# тіршілік миниатюралары

Сағындық ақсақал барда иесіз қалмайтындығын зерделеткен Біртабан көлінің жас өскіні, жаңалығы, жаңа өмірдің тынысын танытқан кішкентай қара күшік – болашақ бар деп тұрғандай. Ал «Ақша бұлттар» біздерді өзіне шақырғандай әсер береді. Мәди ағаның бір сәтте қаламынан өріліп шыққан осындай шебер суреттемені оқыған сәтте, оқырман ретінде осындай ойға тірелдік».

«Күлдірдің айтақыры» еліміздің батысында, Жем-Сағыздың байтақ алыбында орналасқан. Күлдірдің георельефтік ерекшелігі, бұл көп жағдайдағы кедір-бұдыр сордың орны емес екенін білдік. Мәди Айымбетовтың болжауынша, бұл жер бұрын-соңды айдыңды көл болған үлкен судың табаны. Оңтүстік жақ іргесінде Дәуіткөл мен Үлкен Көлдеу, Кіші Көлдеу сияқты көктемгі су мол жиналатын ойпаңдар бар, ал шығысында Қосқатын жалы мен батысында Қара адырдың Бекберген мен Бескембір жалдары жайғасқан айтақыр жазықтың айналасында сортаңның бір ойдамша да із-белгісі жоқ екенін айтып өтеді.

«Тіршілік миниатюралары» еңбегінде тағы бір қызықты миниатюра «Қазығұрттың басында кеме қалған...» деп аталады. Автор осы аңызбен байланысты айтылатын халық аңызын негізге ала отырып, «Қазығұрттың киелілігі неде?» деген сауалға жауап іздейді. Шымқала мен Тәшкеннің ортасын жалғаған, Кене Жібек жолының сұлбасында жатқан айдыңды тас жолдың Қазығұрт асуының бүгінгі нышаны екені айна-қатесіз! Діни-сананың естелігіндей болып қалаған Нұх пайғамбар кемесінің дүлей топан судан кейін бауырымен қайырылып тоқтаған жері – Қазығұрт тауы менмұңдалап, көз жауын алып тұра береді. Кеме қалған таудың шығыс жағында жатқан кең аңғардағы Ақбура әулиенің кесенесі, Ақбура көусар бұлағы, Ақбура теректері бәрі-бәрі қасиетті мекеннің мәңгілік кіршіксіз бейнесіне айналып кеткендей. Бұл кітапта Мәди Айымбетов табиғат

арқылы адам бойындағы бой тасалап жатқан ізгілікті ұқтырғысы келгендей. Табиғат анадан сұлулықты көре білу мен онымен бірге тыныстау, сезіне алу сүйіспеншілік сияқты адами қасиетті оятады. Бұл туынды географиялық, биологиялық суреткерлікке қосатын көптеген жаңалығы бар екеніне көзіміз жетті. Себебі, әлем табиғат, адами сезімдер мен мейірімге мұқтаж. Сол мұқтаждықты адам ғана өзінің адамилығымен өтеп бере алады. Сұлулық мейірімді оятады, ал мейірім ізгілікке жеткізеді. Адам мейірімін тек адамға емес, сонымен қатар табиғатқа, жан-жануарға бере алады деген ой жатыр.

Жазушының «Тар қапастан құтқарылған көк шымшық» эссе-кітабында «Қафенің әйнектелген жазғы орынжайына ұшып келіп, өз «еркімен» қамалған көк шымшықтың хәлі аяқ астынан тығырыққа тірелді. Еркіндікке шығарсаңылау таппай, жаны мұрын ұшына келіп байғұс құс арпалысқа түсті. Көптеп, көлбеңдеп көмек қолын создық. Еркіндікке шыққан кішкентай құс пыр етіп ұшты да кетті. Кім



жеткізе білу – міне, бұл нағыз шеберлік!

Қорыта келе, адам тіршілігі табиғатпен біте қайнасып жатады демекпіз. Табиғатсыз тіршілік жоқ, тіршіліксіз табиғат жоқ! Осынау аспан асты



білген, маусым айының осы бір мезетінде оның құйттақандай жүрегінде адам мейірімнің ып-ыстық табы қалған болар-ау, сірә!...». Жан-жануарға деген қамқорлық, табиғи әлем сұлулығын сөз суреті арқылы теңдесі жоқ көркем тілмен

әлеміндегі тіршілік атаулысын зерттеп, зерделеп адам бойындағы сезімталдықты табиғат арқылы көрсеткен туындысы «Тіршілік миниатюралары» туындысы жаңа бағытта ұсынылған.

Әдебиет жазушы еңбегі

арқылы жасалса, жанр да, кезі келгенде сөз суреткерлерінің ізденістерінен туады. Барлық жанрлар да өздерін қызықтырған нәрсені жалаң оқиғалар тізбегімен дәлелдей салмай, образ арқылы көрсетеді, бейнелейді, суреттейді. Суреттеу, дәлелдеу арқылы өздерін тебірткен, толқытқан жайдың сырын ашып, жазушы жанрды идеялық ой жеткізуге тәсіл, амал есебінде пайдаланады. Қалаған жанрды таңдауға жазушы ерікті, ықтыярлы.

Көркем прозаға қатысты көрікті ой мен тірі табиғатты толыққанды танып, көңіл көрігіне суара білетін сөз зергері жазар әлемін әдбен зерттеп, зерделеп, иін қандырып, илеуін пісірмей, тақырыбына тағдырын танып, табиғатын түгендемей тәуекелге бармайды. Орынсыз ой балалатып, орынсыз күшену, кейіпкерін тізелейтін тезге салу, жалған, жылтыр сөйлеу жазушы Мәди Айымбетовке жат қылықтай көрінді.

**Маусымжан Урынбаева**  
**«Қазақ филологиясы»**  
**мамандығының**  
**3 курс студенті**  
**Жұбанов университеті**



## Жұбанов университетіне 85 жыл      Университету Жубанова 85 лет

У нас за окнами февраль, о котором хочется сказать словами поэтессы Вероники Тушновой:

*О, эти февральские выюги,  
белёсый мятущийся мрак,  
стенанья и свист по округе,  
и – по пояс в снег, что ни шаг...*

Вот в такой же февральский день, 14 февраля 1940 года, в небольшом поселке Зеленый Уральской (ныне Западно-Казахстанской) области родилась Роза Федоровна Резниченко – хрупкая девочка со стойким характером. В 1928 году в голодомор семья её отца в составе 28 подвод на быках приехала из Украины в уральский поселок и осталась там. Позже Федор Резниченко женится на местной девушке и у них родятся 3 дочери, Роза Федоровна – старшая из них.

Ее детство, как и всех детей военной поры, было трудным. Дети рано выросли и становились незаменимыми помощниками для старших. Сколько помнит себя Роза Федоровна, она всегда много трудилась и не боялась никакой работы, будь то обязанности по дому или вождение трактора в поле.

Роза Федоровна училась в маленькой 7-летней школе, в которой позже открылись 8 и 9 классы. Больше всего она любила читать стихотворения со сцены. Это и были первыми шагами к будущей профессии.

После окончания школы началась педагогическая деятельность.

*Походкой несмелой на первый урок  
шагает совсем молодой педагог.  
Недавно сама здесь за партой*

*сидела,  
но трель выпускного звонка  
отзвенела.*

Как нельзя больше подходят эти строчки к тому периоду жизни Розы Федоровны, которая после выпуска год отработала в малокомплектной школе, где была и учителем, и директором.

В 1958 году Роза Федоровна поехала поступать в Уральский педагогический институт им. А.С. Пушкина. Тема



В 1963 году молодожены окончили институт, но диплом им на руки не дали. Нужно было пройти отработку. В это же время заведующая кафедрой русского языка, доцент Утехина К.А., непревзойденный знаток истории русского языка, предлагала Розе Федоровне поступить в аспирантуру Московского института им. Ленина. Но юношеский максимализм толкает семью Белоусовых на прохождение 3-годичной практики в далеком селе Джанибек.

В 1963-1966 годах Роза Федоровна набирается первоначального педагогического опыта в 5-7-х классах джанибекской школы. Жила чета Белоусовых там же, в одном из классов школы, отгородившись партами. В молодой семье педагогов родился первенец – Сергей. Сложное это было время: маленький ребенок, нехватка воды (ее в поселок привозили в цистернах), пыль, от которой

# ЛЮБОВЬ

вступительного сочинения была посвящена книге Василия Ажаева «Далеко от Москвы». Так началась 5-летняя жизнь студентки на историко-филологическом факультете. В стенах альма-матер она встретила будущего мужа – Александра Николаевича Белоусова, высокого, статного юношу, к тому времени уже отслужившего в рядах Советской армии. Молодой человек бесповоротно влюбился в большеглазую улыбчивую девушку и на 5 курсе все же добился ее согласия выйти за него замуж. Расписали их, как вспоминает Роза Федоровна, в «ЗАГС-развалюхе».

невозможно отмыться, очередь за привозным хлебом. С особой теплотой Роза Федоровна вспоминает коллектив школы, который окружил их заботой: кто-то приносил испеченный дома хлеб, а кто-то баночку со сливками из-под своей коровы.

В Актобе Белоусовы оказались случайно. В 1966-м году они приехали в гости и им предложили работу. В тот же день Александр Николаевич приступил к работе замполитом в 5 училище, а Роза Федоровна учителем русского языка и литературы в средней школе № 16. Как молодому специалисту ей дали самый сложный 5 класс, в котором она стала пятым классным руководителем. Не просто было найти общий язык с детьми, но учитель с опытом смогла подобрать ключик к их сердцам. И по сей день ученики этого класса говорят своему педагогу теплые слова благодарности. После того, как была открыта СШ 25, Розу Федоровну вместе с ее классом перевели в новую школу. В 1972 году, выпустив своих первых актюбинских учеников, Роза Федоровна по приглашению руководства ВУЗа начинает работать в Актюбинском педагогическом институте.

Розу Федоровну никогда не смущали трудности, поэтому она решительно начинает осваивать методику вузовской работы. Она на протяжении всей своей деятельности в институте читала сложнейшие фундаментальные курсы, требующие основательной подготовки: «Введение в языкознание», «Общее языкознание», «Историческая грамматика»,





## ☑ Zhubanov University 85 years



Роза Белоусова всегда отличалась коммуникативностью, удивительной тактичностью, умением выслушать и ненавязчиво помочь. Многие годы Роза Федоровна работала рядом с такими известными учеными и преподавателями, как: Щетининым П.С., Сулковским И.Я., Криновой К.Т., Новоселовой А.Н., Чернокозовой Л.О., Адоровой Н.В., Жигаревой Е.А., Кусаевой Р.Б., Тереховой Ф.Е. Ержановой Р.К., Муратовой Т.П. и мн. др. Коллектив филологического факультета всегда с теплотой отзывается о Розе Федоровне, помнит ее интеллигентность, порядочность, обаятельность, знания, обстоятельность.

Периодически Белоусова-Резниченко исполняла обязанности заведующей кафедрой русского языка. Ей неоднократно предлагали должности заведующей кафедрой, заведующей заочным отделением, заместителя декана филологического факультета, но будучи скромным и не амбициозным человеком, Роза Федоровна всегда отказывалась.

# и признательность



«Старославянский язык», все дисциплины курса «Современный русский язык». Для того, чтобы глубже понять читаемые дисциплины, она в 1978 и 1988 годах прослушала курсы повышения квалификации в Российском государственном педагогическом университете им. А.И. Герцена в Ленинграде. Особенно ей запомнились лекции известных филологов: А.В. Бондарко, Н.Е. Сулименко, А.И. Молоткова и др.

Розу Федоровну как преподавателя всегда отличало умение доступно объяснять самый сложный теоретический материал, кропотливо работать с каж-

дым студентом. Оставаясь требовательным преподавателем, она всегда поддерживала студентов, заботливо, как-то даже по-матерински, опекала их.

Все это снискало удивительное отношение студентов к Розе Федоровне: безусловное уважение, трепет перед ее строгим взглядом и требованиями, и в то же время всеобъемлющая любовь и признательность. Все выпускники, которым хотя бы раз посчастливилось соприкоснуться с этой удивительной женщиной, до сих пор испытывают перечисленные выше чувства.

Труд уважаемого педагога неоднократно отмечался высокими наградами. Она удостоена звания Ветерана труда СССР и Ветерана труда Каз ССР.

Коллектив кафедры русской филологии и межкультурной коммуникации от всей души поздравляет Белоусову - Резниченко Розу Федоровну с 80 юбилеем, желает ей здоровья, любви и заботы близких.

**Татьяна Коробкова**  
старший преподаватель  
кафедры русской филологии  
и межкультурной  
коммуникации  
университета Жубанова



## ☑ Басты жаңалықтар

## ☑ Главные новости

## ☑ Main news

### МҮГДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Ерекше білім мен тәрбие қажетті балаларға мұнда психологиялық-педагогикалық бейімдеу бағытында жұмыстар жүргізіледі. Мұндай орталықтар аймақтың барлық аудандарында бар, облыс орталығында оның алғашқысы 2015 жылы салынған еді. 80 балаға шақталған орталықта 127 бала оқу-тәрбиесін алып жатқан. Екінші орталық 180 орынға есептелген. Бұл игілікті іс отбасында аутизмге шалдыққан, сөйлеу қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежеулі балалар тәрбиелеп отырған ата-аналарға зор көмек. Орталықта ерекше балаларға қажетті барлық жағдай жасалған. Олардың қатарында сенсорлық бөлмені, саз бөлмесін, тренажер залын, тифлопедагог, сурдопедагог қызметтерін атауға болады. Қазіргі күні облыста 6 370 мүгедек балалар тұрады, олардың 4000-ы қалада.

### ОТКРЫТ ЦЕНТР АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Здесь будет проводиться работа по психолого-педагогической адаптации детей со специальными потребностями. Подобные центры имеются во всех районах области, первый в областном

центре открылся в 2015 году. В центре на 80 мест обучалось 127 детей. Второй центр рассчитан на 180 мест. Эта благородное дело поможет семьям, где воспитываются дети с аутизмом, нарушением речи, ограничениями опорно-двигательного аппарата, умственной недостаточностью. В центре есть все необходимое для особых детей. К ним относятся сенсорная комната, музыкальная комната, тренажерный зал, тифлопедагог и сурдопедагогические услуги. В настоящее время в области зафиксировано 6 370 детей-инвалидов, из них 4000 живут в городе.

### AN ADAPTATION CENTER FOR CHILDREN WITH DISABILITIES OPENED

Work on psychological and pedagogical adaptation of children with special needs will be carried out here. Such centers are available in all regions of the region, the first in the regional center opened in 2015. The center had 80 seats for 127 children. The second center is designed for 180 seats. This noble cause will help families where children with autism, speech disorders, limitations of the musculoskeletal system, and mental disabilities are brought up. The center has everything you need for special children. These include a sensory room, music room, gym, surd pedagogics for the blind and services. Currently, 6,370 disabled children are registered in the region, of which 4,000 live in the city.

### ЕҢ ҚАРТ ВОЛОНТЕР – ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ

Қарағанды облысының Сарыөзен аулында тұратын 82 жастағы Минниязам Авляровты жерлері «сарыөзендік супермен» атап кеткен. Қария өзінің шынжыр табан тракторымен қыста қар аршып, көктемде көмір суағарларын тазалайды. Ол ешқашан қолқабысына ақы сұраған емес. Тынымсыз еңбекке жатыққан қария қайырымдылығының волонтерлық екенін енді естіп жатыр. Оның ұлты – башқұрт. Қазақстанға тың игеру жылдарында келіп тұрақтап қалған. Өмір бойы механизатор болып еңбек еткен. Үшінші топтағы мүгедектігіне қарамастан зейнет демалысында қол қусырып отыра алмапты. Ерте көктемде көпір астындағы өзен суының деңгейін, бөгеттердің бұзылмауын қадағалайды. Жазда аз қамтылған отбасылар мен мұқтаж жандарға тегін шөп шауып, қысқы мал азығын жинап береді. Тыл ардагері «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медалдарымен марапатталған. Бес баласын қазақ ұлтының салт-дәстүрімен тәрбиелеген. Күйеу бала-келіндері қазақ ұлтынан.



### САМЫЙ ПРЕСТАРЕЛЫЙ ВОЛОНТЕР - КАРАГАНДИНЕЦ

82-летний Минниязам Авляров из села Сарыөзен Карагандинской области прозван односельчанами «сарозенским суперменом». Пенсионер на своем гусеничном тракторе зимой расчищал снег, а весной очищал уголь. Он никогда не просил оплаты за свою помощь. М.Авляров всю жизнь много работал, только сейчас узнал, что его дело относится к волонтерству. Он по национальности башкир. Прибыл в Казахстан во время освоения целинных земель, работал механиком. Несмотря на инвалидность третьей группы, он не мог сидеть сложа руки после выхода на пенсию. Ранней весной он очищает мосты и контролирует уровень воды в реке для предотвращения прорыва плотины. Летом бесплатно косит траву для малообеспеченных семей и нуждающихся людей, подготавливая для них зимний корм для скота. Ветеран тыла награжден орденом «Құрмет», медалями «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат». Он воспитал пятерых детей в духе казахских обычаев и традиций. Его снохи и зятья казахского происхождения.

### THE OLDEST VOLUNTEER IS FROM KARAGANDA

82-year-old Minniyazam Avlyarov from the village Saryozek Karaganda region called by the villagers "Superman of Saraozen". The pensioner used his crawler tractor to clear snow in the winter and clean coal in the spring. He never asked for payment for his help. M. Avlyarov life a lot of work, just now found out that his case relates to volunteering. He is a Bashkir by nationality. Arrived in Kazakhstan during the development of virgin lands, worked as a mechanic. Despite the disability of the third group, he could not sit idly by after retirement. In early spring, it clears bridges and controls the water level in the river to prevent the dam from breaking. In summer, the company mows grass for low-income families and people in need, preparing winter fodder for them. The veteran of the rear was awarded the order "Kurmet", the medals "Eren enbegi ushin", "Shapagat". He raised five children in the spirit of Kazakh customs and traditions. His daughters-in-law and sons-in-law are of Kazakh origin.



### ҚЫЗҒЫЛТ ҚОҚИҚАЗДАР АҚТАУҒА ЕРТЕ ҰШЫП КЕЛДІ

Мыңға жуық экзотикалық құстар Ақтау шаһары маңындағы Қаракөл аумағына аялдаған. Қаракөл – «Қызыл кітапқа» енгізілген қанаттылар тұрақтайтын мекен. Сондықтан да бұл аумақ табиғат қорғау инспекторларының жіті бақылауында.

Мамандардың айтуынша, қызғылт түстес, ірі денелі құстар негізінен тропикалық елдерде уя салады. Олар наурыз-сәуір айларында Маңғыстауға ұшып келетін еді. Биыл мерзімінен бұрын келіп, жергілікті тұрғындардың көз қуанышына айналды. Қоқиқаздар осы жерде тынығып, демалып болғаннан кейін күні ыстық Түркіменстан, Иран жаққа қарай ұшып кетеді. Қоқиқаздар көлдің орта жағында орналасады, сондықтан жағалаудан көрінбейді. Оны адамдар жанына барып бейнетаспа мен фотоға түсіріп, әлемжеліге салып, сұлу көрініспен бөлісуде. Қоқиқаздар, шынымен де өте әдемі өрі нәзік құстар. Ал олардың шоғырланған тобын көру тіпті керемет.

### РОЗОВЫЕ ФЛАМИНГО ПРИЛЕТЕЛИ В АКТАУ РАНЬШЕ ВРЕМЕНИ

Тысячи экзотических птиц поселились в Каракольском районе, что недалеко от города Актау. Караколь - место обитания занесенных в «Красную книгу» птиц. Именно поэтому территория находится под постоянным контролем экологических инспекторов.

По сведениям экспертов, крупнотелые птицы

розового цвета гнездятся в основном в тропических странах. Они прилетают в Мангистау в марте-апреле. В этом году они прилетели раньше и вызвали восторг у местных жителей, отдохнув здесь после длительного полета, они направляются в жаркие по климату Туркменистан и Иран. Фламинго населяют середину озера, поэтому особо не видны с берега.

Люди специально ожидают их у водного источника для видео и фотосъемок, делятся ими в социальных сетях. Фламинго действительно очень красивые и нежные птицы. И увидеть их колонию - замечательное зрелище.

### PINK FLAMINGOS ARRIVED IN AKTAU AHEAD OF TIME

Thousands of exotic birds have settled in the Karakol district, near the city of Aktau. Karakol is the habitat of birds listed in the "Red book". That is why the territory is under constant control of environmental inspectors.

According to experts, large-bodied pink birds nest mainly in tropical countries. They arrive in Mangistau in March and April. This year, they arrived earlier and excited the locals.

Having rested here after a long flight, they will go to the hot climate of Turkmenistan and Iran. Flamingos inhabit the middle of the lake, so they are not particularly visible from the shore.

People specially wait for them at the water source for video and photo shoots, share them on social networks. Flamingos are really very beautiful and gentle birds. And to see their colony is a wonderful sight.



## Басты жаңалықтар

## Главные новости

## Main news

### ДЖЕССИКА АБАЙДЫ ОҚИДЫ

Жұбанов университетіне «Fulbright teaching assistant» шет тілін оқыту бағдарламасы арқылы келген Джессика Сандерс бірден қазақ тілін үйренуге ден қойды. Ол өзінің ойын ЖОО ректоры Бауыржан Ердембековпен кездесу кезінде жеткізді. Профессор Б.Ердембеков абайтанушы ретінде Джессикаға «Абайдың қара сөздері» кітабын сыйлады.

Кездесу барысында ағылшын тілін тереңдетудің америкалық жобасы, ғылымдағы инновациялық ізденістер бойынша тәжірибе алмасу, оның ішінде экология, туризм саласында университет ғалымдарымен бірлескен халықаралық жобалар әзірлеу жайы талқыланды.

«Fulbright teaching assistant» бағдарламасы аясында алдағы күндерде университетте ағылшын тілі оқытушыларының кәсіби біліктілігін көтеру, тәжірибе алмасу, білім алушылардың тілдік деңгейін дамытып, халықаралық бағдарламаларға бағыттау мақсатында семинарлар ұйымдастыру, қосымша сабақтар жүргізу, тілдік мәдени шаралар өткізу жоспарланған.

### ДЖЕССИКА ЧИТАЕТ АБАЯ

Джессика Сандерс приехала в университет Жубанова по программе обучения иностранных языков «Fulbright teaching



assistant». Она сразу сосредоточилась на изучении казахского языка. Свою мысль об этом она донесла на встрече с ректором университета Бауыржаном Ердембековым. Профессор и абаевед Б. Ердембеков в свою очередь подарил Джессике книгу «Слова назидания Абая». В ходе встречи они обсудили американский проект по повышению уровня владения английским языком, обмен опытом в области инновационных научных исследований, в том числе разработку совместных международных проектов с университетскими учеными в области экологии и туризма. В рамках программы «Fulbright teaching assistant» планируется проведе-

ние семинаров, дополнительных занятий и культурных мероприятий для повышения квалификации преподавателей английского языка, обмена опытом, развития языковых навыков у студентов и их ориентации на международные программы.

### JESSICA READS ABAY

Jessica Sanders arrived at Zhubanov University on the «Fulbright teaching assistant» program. She immediately focused on learning the Kazakh language. She informed about it at the meeting with the rector of the University Bauyrzhan Yerdembekov. Professor and researcher of Abay Bauyrzhan

Yerdembekov in turn gave Jessica the book «Words of edification Abay». During the meeting, they discussed the American project to improve the level of English language proficiency, exchange of experience in the field of innovative scientific research, including the development of joint international projects with university scientists in the field of ecology and tourism. Within the framework of the Fulbright program, it is planned to hold seminars, additional classes and cultural events to improve the skills of English language teachers, exchange experience, develop students' language skills and orient them to international programs.

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЛЬБИНОС ҚЫЗ ФОТОМОДЕЛЬ БОЛУДЫ АРМАНДАЙДЫ

Әсел Қалағанованың жасы қазір – 14-те. Ол Ақтау қаласындағы жалпы білім беретін №10 мектепте оқып жатыр. Оған дейін арнайы мектепте білім алған. Себебі альбиностардың көздері үнемі қызарып тұратындықтан нашар көреді. Басты белгілері олардың терісімен бірге шаштары сүттей аппақ болады. Альбинизм – реңсіздік, яғни организмнің өзіне тән түсінің жоғалуы. Ол рецессивті генге байланысты тұқым қуалайды. Әсел — отбасының тұңғышы. Одан кейінгі ұл қазақтың қара домалағы. Ал үйдің кенжесі — Камилла да альбинос болып туды. Әселді фотомодель өнеріне шақырушылар көп. Бірнеше рет өзін бұл салада бүлдіршін сіңлісі Камилламен бірге фотосессияға түсіп, байқап көрді. Болашақтағы арманы — фотомодель болу. Әселдің Instagram әлеметтік желісінде бірнеше мың жазылушысы бар.

Дерігерлердің айтуынша Қазақстанда альбинизм дерті миллион адамда бір рет қана қайталанатын екен.



### КАЗАХСТАНСКАЯ ДЕВОЧКА-АЛЬБИНОС МЕЧТАЕТ СТАТЬ ФОТОМОДЕЛЬЮ

Асель Калагановой 14 лет. Она учится в общеобразовательной школе №10 города Актау. Прежде посещала специальную школу, так как альбиносы плохо видят из-за постоянного покраснения склеры глаз. Еще один признак — кожа, как и волосы белоснежного цвета. Альбинизм — бесцветность, то есть исчезновение присущего телу цвета. Это генетическое заболевание передает-

ся по рецессивному типу наследования. Асель — первенец семьи. После родился сын — типичный казах. А вот младшая дочь семьи Камилла тоже родилась альбиносом. Асель не раз приглашали в модельное искусство. Несколько раз она уже пробовала себя в этой сфере, участвуя в фотосъемках вместе с сестренкой. Мечта на будущее — стать фотомоделью. На странице Асель в Instagram насчитывается несколько тысяч подписчиков. По словам врачей, альбинизм в Казахстане встречается у одного на миллион человек.

### KAZAKHSTAN ALBINO GIRL DREAMS OF BECOMING A MODEL

Asel Kalaganova is 14 years old. She is studying in a secondary school №10 of the city of Aktau. Previously, I attended primary school, as albinos do not see well because of the constant redness of the sclera of the eyes. Another sign is the skin, as well as the snow-white hair. Albinism — colorlessness, that is, the disappearance of the inherent color of the body. This genetic disease is transmitted through a recessive type of inheritance. Asel is the firstborn of the family. After that, a son was born — a typical Kazakh. But the youngest daughter of the family, Kamilla, was also born an albino. Asel has been invited to model art more than once. Several times she has already tried herself in this field, participating in photo shoots with her sister. My dream for the future is to become a fashion model. Asel's Instagram page has several thousand followers. According to doctors, albinism occurs in one in a million people in Kazakhstan.

Интернет материалдары бойынша айдың басты жаңалықтарын дайындаған Айгерке СҰЛТАНБЕКОВА



☑ Сән

☑ Моға

☑ Fashion

С наступлением весны в Актобе не все пытаются сбросить с себя тяжелые пуховики и шубы. Ведь синоптики прогнозируют теплую погоду лишь к маю. Но если в душе уже весна, почему бы не перевести это настроение в яркие образы. Не замерзнуть поможет стильная одежда в несколько слоев. Чтобы не ошибиться, предлагаем вниманию наших модных читателей простые правила многослойности от блогера Зои Паниной (Аккаунт в инстаграм @ya\_zoya\_).



- ✓ не больше четырех слоев, чтобы не превратиться в капусту и не нарушить пропорции;
  - ✓ сочетай разные стили и добавляй интересные аксессуары, чтобы получить динамичный и современный аутфит;
  - ✓ начинай слои одежды от тонких фактур и тканей — к более плотным. Но есть и исключения — шелковое платье или рубашка на водолазку;
  - ✓ чтобы не мучаться с подбором и сочетанием цветов, воспользуйся цветовым кругом Иттена. Для начала можно освоить аналоговые и комплементарные цвета и не использовать больше трех цветов в одном образе;
  - ✓ Не используй в одном образе несколько сложных фактур и принтов. Лучше взять такой элемент за основу и строить образ вокруг него;
  - ✓ Смело демонстрируй миру всю сложность своего образа. Для этого желательно, чтобы нижний слой выглядел из-под верхнего;
  - ✓ Используй ассиметричные элементы. Они добавляют перчинки многослойным образам;
  - ✓ Самый главный принцип - это учитывать особенности своей фигуры и физиологии. Если на высокой и худощавой подруге такая многослойность смотрится на все сто, совсем не факт, что так будет и с тобой.
- На самом деле, без проб и ошибок не обойтись. И кто-то точно скажет, что многослойность ему нравится на других. А сам пойдет по минималистичному пути.

Айгерке СУЛТАНБЕКОВА



# Законы многослойности

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады  
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University  
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:  
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

Ректор  
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор  
Гүлнара Қараша

Аудармашы (ағылшын тілі)  
Айнұр Қожабаева

Дизайнер:  
Айгерім Нуршина

Фотограф:  
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:  
030000, Ақтөбе қаласы,  
Гришин көшесі, 7 «А»  
337 бөлме

E-mail:  
gazetaZhU@mail.ru  
Сайт: www.arsu.kz

Facebook: ZhU oblystiy gazeti

Таралымы: 5000 дана